

**АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ – БҮГІНГІ  
ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ**

*M. НАХИШМАНОВА*



Қазақстан Республикасы – 2030 даму стратегиясында көрсетілгендей, біз да мыған 50 елдің қатарына ену жолында мыз. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағы жастарда екенін, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде барлық жағдай жасалатындығын, өз кезегінде жастардың жауапкершілігін сезіне білу қажеттігін үнемі айтып келеді.

Бұгінгі таңда тәуелсіз еліміздің алдында тұрған құрделі міндеттердің бірі – тұлға құқықтары мен еркіндігін құрметтейтін, әлеуметтенуге қабілеті жоғары адамгершілікті, өзге халықтың да тілі мен дінін сыйлайтын толерантты құқықтық, демократиялық мемлекеттің азаматын тәрбиелейтін болып отыр. Бұл міндет қазіргі жастардың азаматтық тәрбиесі табысты жүзеге асқанда ғана нәтижелі болмақ [1].

Азаматтық тәрбиенің жеткіліксіздігін оқушы жастардың қазақ тіліне деген көзқарасынан-ақ көруге болады. Олар, әдетте, өзара қазақ тілінде сөйлеспейді. Азаматтық тәрбиенің жеткіліксіздігінің тағы бір белгісін оқушылардың қоршаған заттық және табиғи оргаға немқұрайлы қарайтындығынан байқауға болады. Мысалы, мектептегі құрал-жабдықтарды бұзу, сындыру, табиғи ортаны ластау. Аталған тәрбиенің көрсететін аса маңызды түрі – көпшілік жастар мен балалардың мемлекеттен, халықтан бір пайда табуды күтүі. Олардың санасында «Мен халқымға нендей жақсылық істеймін? Отанымға қандай

кызмет көрсетемін?» деп емес, «Маған Қазақстан не береді?» деген пікірді үстануы. Азаматтылықты қалыптастыру ең алдымен, отбасы тәрбиесінде, одан кейін балабақшада, мектепте, сондай-ақ қоршаған ортаның әсерімен жүзеге асырылады. Мұнда басты ошақ – мектеп десек, мектепте жүргізілетін пәндердің рөлі де ерекше. Осыған байланысты мектеп оқушыларының арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу, болдырмау, өскелең үрпақтың адамгершілік-рухани қасиетін басып айтатыны – азаматтық тәрбиені қалыптастыру – бұгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі [2].

Азамат дегеніміз – өз елінің, ұлтының өткені мен қазіргісін танып білген, келешегіне зор үмітпен қарайтын, халық тағдырына, ұлт мәселесіне өзіндік зор үлесін қосып, жаны аштын тұлға. Азамат тұлғасының моделі елжандылық сезімін және құқықтық мәдениетін жоғары игерген адам болуы тиіс. Осыдан байқайтынымыз, азаматтық тәрбиенің егіз екі саласы бар – олар елжандылық пен құқықтық тәрбие.

Елжандылық дегеніміз – әр адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына – Отанына деген терең сезім. Ал құқықтық тәрбие дегеніміз – адамгершілік жақтарын анықтауда жастарға өзі өмір сүріп отырған қоғам идеясын ұғындыру. Құқықтық тәрбие жеке адамның талаптілектеріне, мұн-мұқтажына, қоғамдық міндеттерге сай жүргізіледі [3, 4-7 б.].

Азаматтың тұлға ретінде көрінуі – ол өзінде әлеуметтік-саяси құқық пен адамгершілік қасиеттерінің болуы.

Философиялық зерттеулерде азамат дегеніміз – бұл анықталған құқықтар мен міндеттері, ерекше қасиеті – азаматтығы бар, белгілі бір мемлекеттің мүшесі [3, 9-15 б.]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінсек: «Азаматтық» сөзі:

1. Жасы толған, ержеткендік.
2. Саналылық, адамгершілігі молдақ.

Жастар өзі өмір сүріп отырган мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында тұрған жоспарларды жақсы білуі қажет. Өз елінің басынан кешкен қындықтарымен танысып қана қоймай, сондай қындықтан елін, халқын алып шығуға белсene қатысып, өзінің үлесін қосатында болып тәрбиеленуі керек [2]. Өзі өмір сүріп отырган қоғам тарапынан белгіленген ереже, қағида өлшемдерін орындауға бейімді болуы, оның адамгершілігін сезімдермен үштастыруымен байланысты.

Ежелгі Грекияның өзінде қоғамдық экономикалық өмірдегі тұлға, соғыска қатысадын жауынгер тұлғасы – мықты азамат тұлғасы деп есептеген. Атақты Платон болса, азаматтық тәрбиесі то-лық жетілген тұлға – мемлекетке терең, жан-тәнімен берілген тұлға болуы тиіс деген екен. Ежелгі Римде азаматтық тәрбиеге мықты, елін қорғауға дайын және парыз деп түсінетін, жан-жақты дүниежүзін басқаруға қабілетті болсын деген мақсатпен тәрбиеленген. Осы ел-дегі кедей адамдарда азаматтық құқық болмаған, тіпті өз Отандарына қауіп төнген жағдайда да қорғауға құқықсыз болған екен [3, 20-36 б.].

Ал енді өзіміздің еліміздің өткеніне келетін болсак, қазақ хандарының билігі ешқашан да қatal жауызды (деспоттық) болмаған, ал көшпенді тайпалар – жүз немесе жұзбасылармен келіспеушілік

болған жағдайда, әрдайым басқа жерлерге қоныс аудару мүмкіндігіне ие болған. Адам құқықтары Тәуке ханның «Жеті» деп аталған заңдарында реттелген, онда индивидтің жеке (азаматтық) және экономикалық құқықтары көрініс тапқан [4]. Қоғамның кейбір мүшелеріне берілген саяси құқықтар ханды сайлау институтынан көрініс табады. Билер институтының маңызы зор болған, олар жеке және үжымдық дауларды шешу бойынша сот – әкімшілік қызметін атқарған еді және бұл институттың демократиялық сипатын би атағы тұлғаның тек халық арасындағы беделі негізінде берілетіндігінен көруге болады. Тарихтағы Әбліхайыр ханды өлтіргені үшін Барак сұлтанды билердің соттау, аксүйектердің сотталудан иммунитеті болмағандығын көрсетеді. Қазақ жерін патшалық режим отарлағаннан кейін адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың дәстүрлі құрылымдары бірте-бірте жойылды [5]. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі – Әбу Насыр әл-Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, «Накыл сөздерінде...» ол мұны кішкене үядан, отбасынан бастайды. Ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мұлкі және іесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан, ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп, бұл арада адамның өз басының мұдделерін бағындыру туралы пікір айтады. Бұл жерде Фарабидің «қала» дегенін «мемлекет» деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің үлкен көріністерін табамыз. Ал Қожа Ахмет Иассаудің «Диуани хикмет» еңбегінің қазақ елі философиясы үшін маңызы зор. Онда автор бұқара халыққа зорлық, үстемдік жасаған хандарды, бектерді, қазыларды сыйнайды. Ол адам мен қоғам

мәселелеріне де назар аударады. Оның саяси және әлеуметтік көзқарастарының негізінде этикалық бастау жатыр. Иассауи «қолыңнан келсе халқына әділ бол, қызмет ет, керек болса жаныңды оған құрбан қыл» деген гуманистік пікірлер білдіреді.

Философ Асан қайғы өз жыр, толғаулырында, шешендік сөздерінде хандық мемлекетті нығайту, елдің корғаныс қабілетін арттыру қажеттігін насиҳаттайды. Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің болашағын ойлауға шақырады. Сол кездегі қоғамның әдет-ғұрып, мінез-құлық (мораль философиясы) мәселелерін көтереді, өзінің ғұмырын туыстас рулады бір орталықты, қуатты мемлекет етіп үйімдастыру жолына арнайды.

Сонымен қатар қазақ халқының аса көрнекті ғалымы Шоқан Уәлихановтың саяси-құқықтық идеясының өзегі, мазмұндық мәні негізінде торт үғыммен қамтылған: әр халықтың, мемлекеттің өздігінен дамуы, өзін-өзі қорғай білуі, өзін-өзі басқара білуі және өзінің сотының болуы [3].

1991 жылы еліміздің тәуелсіздік алуы еліміздің жарқын болашағына, тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет құруына жол ашты. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азаматтың бойына құқықтық құндылықтарды сініріп, құқықтық сананы қалыптастыруына көрініс береді. Ал егеменді елдің бүгіні мен ертеңін өрге бастырап – жас жеткіншектер. Сондыктан өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас үрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні

рас болса, онда әрбір азамат мектеп қа-бырғасында жүргенде-ақ құқықтың қа-рапайым бастауларын біздің қарапайым есеп-қисапты білгеніміздей игеріп алуы керек», деп атап көрсетуі де жоғарыда аталған міндеттердің мәнділігін дәлелдей түседі. Осы ретте мемлекеттің өзін-өзі басқаруы үшін, оған лайық азаматтар болуы керек. Мұнда азаматтық тұлға дегеніміз кім? Біздің егеменді елімізде осы шара қаншалықты жүзеге асқан деген сұрақтар бізді мазалайды. Егер біздің қоғамымызда азаматтық тәрбие өз деңгейінде беріліп жатқан болса, мектеп жасындағы балалардың құқықбұзушылығы неге басым?

Азаматтық тәрбие – білім беру де, тәрбие беруде де отбасында және мектепте бірлескен түрде жүзеге асырылуы тиіс. Мектеп оқушыларының құқықбұзушылығына тек мұғалім немесе атана кінәлі емес, бұл тәрбиенің екі жақтан бірігіп, үйимдасқан түрде жүзеге асырылмағандығынан. Бұл Қазақстандағы азаматтықтың, Отан сүю, еңбекшілердің қолымен жасалған игіліктің бәрін сенімді түрде корғау рухында тәрбие-леу бағытындағы жұмыстардың әлі де жоғары деңгейде еместігін көрсетеді.

Осыған орай жас үрпақтың азаматтық санасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекетіне қажетті төмендегідегі саяси-педагогикалық категориялардың тұжырымдық мәнін тереңірек анықтауға ой жүгірткен дұрыс:

- елжандылық – азаматтық қоғамдық құбылыс, тарихи ұғым;
- азаматтық сезім дегеніміз – Отанына әр адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына – Отанына деген аса терең сезім;
- Қазақстандық елжандылық – Қазақстан Республикасын біртұтас Отанына деген терең сезімі, өз елінің өткені мен қазіргісін танып-білген, келешегіне зор үмітпен қарайтын, жаны ашитын тұлға;

- Қазақстандық азаматтылық – Қазақстан Республикасындағы азаматтарға белгілентен азаматтық парызын бен ережені сақтайтын мемлекеттің бір мүшесі.

Елжандылық тәрбие ең алдымен, азаматтық тәрбиемен тығыз байланысты болғандықтан, мұнда өзара қатынастар мен заңдылықтар жүзеге асырылады. Жеке окушының азаматтық санасын қалыптастыру үшін тәрбие барысындағы кез келген іс-әрекет осы бағытта жүргізуі туіс. Бүгін бұл бағытта Қазақстан оқу орындары жүйесі алдында окушылардың саяси білім негіздерін жетілдіру кажеттілігі, оларды өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелу, сондай-ақ сынни ойлау мен азаматтық көзқарастарын қалыптастыру сияқты өткір мәселелер түр [2].

Жастар өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында түрған жоспарларды жақсы білуі қажет. Өз елінің басынан кешкен қындықтарымен танысып, өзінің үлесін қосатында болып тәрбиеленуі керек. Азаматтық көзқарастың қалыптасуына отбасы жағдайы да әсер етеді. Өйткені тұлғаның жеке басының, жаман-жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да балалардың өнеге алып, үлгі тұтарты ең алдымен, өздерінің ата-аналары. Олай болса, азаматтық тәрбиені нәтижелі үйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты танып-білу

қажет. Жеткіншектің мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Мектеп қабырғасындағы жеткіншек бойында адамгершілік дүниетанымдары, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, адалдығы мен шыншылдығы сияқты тұлғалық құндылықтары қалыптасады.

Біздің ойымызша азаматтық тәрбиеңін мазмұнын мынадай компоненттер құрайды:

1. Азаматтық сана.
2. Азаматтық сезім.
3. Азаматтық іс-әрекет.

Адамда азаматтық сана қалыптасады. Индивидтің жеке тұлғаға айналу жолындағы адамның бойында қалыптастасын қасиет. Азаматтық сезімге келетін болсақ, ол адамның Отанына, еліне, жеріне, табиғатына, тіліне, дініне, өткен тарихына, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпана деген махаббаты. Азаматтық сезім адамның бойына тәрбие арқылы келеді, оны қалыптастыру үшін «азаматтық тәрбиенің» мазмұны мен мәнін, жолы мен құралдары тәрбиенің тиімді әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Ал азаматтық іс-әрекет адамның бойында азаматтық тәрбиені қалыптастыру үшін жүргізілген іс-шаралар арқылы үйимдастырылады [6].

Тұлға бойында азаматтылық сапасын қалыптастыру дәрежесі, оның азаматтық тәрбиесінің деңгейін білдіретіні белгілі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иманбекова Б. Азаматтық тәрбиелі тұлғаны өлеуметтендірудің бір формасы ретінде. /Білім берудегі менеджмент. №2. – 2008. 24–30 бб.
2. Сапаржанова Л. Экономиканы оқыту арқылы азаматтылыққа тәрбиелу /Ашық сабак. Факультативті сабак. – №1. – 2009.
3. Омарова С.Б. Формирование гражданственности учащихся 5-7 классов общеобразовательной школы. Диссертация канд. наук. 2007. – С. 4–7.
4. Тұсінбаев F. Азаматтық пен елжандылыққа баулу / Тәрбие құралы. №2. – 2007.
5. Фабитов Т. «Философия» Алматы, – 2002 ж.
6. Мусина Г. Жасөспірімдерге азаматтық және патриоттық тәрбие беру. – / Сыныптағы тәрбие. №1. – 2008.

**РЕЗЮМЕ**

В статье обосновывается актуальность гражданского воспитания школьников. Автор рассматривает воспитание гражданственности во взаимосвязи с патриотизмом.

“Академия философии

The article exposes topicality of civil education at school. The author examines the civil education in interconnection with patriotism.

**ДАРЫНДЫ ДАМЫТУ – ҮСТАЗ ПАРЫЗЫ**

**A.B. ОМАРОВА**



Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «... білім берудің тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесі қалыптастып, қазіргі әлемде Қазақстанның лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың сапалық білім деңгейіне қол жеткізетін болды» деп атап өтілген [1]. Яғни «жана» қоғамға «жана» адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Ендеше «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген Н.Ә. Назарбаевтың сөзі әрбір адамның ойына тұрткі салуы тиіс [2]. Өйткені, мұғалімнің бүгінгі күні жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болашағы да сондай болмақ.

Голландиялық ғалым Ф. Монске өзінің 10–11 жас аралығындағы 772 жасөспіріммен жүргізген зерттеулерін-

де дарындылықтың өзіндік моделін ұсынады. Ф. Монске дарындылықтың дамуының мынадай факторлармен байланыстырылығын көрсетеді: Ф. Монскенің дарындылық моделінде үшбұрыш қосылған, оның әрбір бұрышы микро-ортадағы факторларды білдіреді: отбасы, мектеп, қырдастары [3]. Осы атап ғалым факторлардың ішіндегі маңыздыларының бірі мектеп болып табылады. Ал мектепте дарынды балалармен жұмыс жүргізетін тұлғаның бірі – мұғалім.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашағы, оның білімді, ізденімпаз болып есүі, оның келешектегі мамандығы, яғни кәсіби тағдыры тек қана білімді, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бүгінгі қоғамның сұранысын қанағаттандыра алатын мұғалімге байланысты. Өкінішке орай дарынды баланы анықтау, оның қабілетін дамыту, оған қолдау көрсету казіргі уақытта білім жүйесіндегі қолға